

## Үржар ауданы Үржар ауылдық округі Үржар ауылының көшелерін қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Үржар ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 188 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 6 қазанда № 7624 болып тіркелді

### З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, 2020 жылғы 17 маусымдағы Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде және ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып, Үржар ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Үржар ауданы Үржар ауылдық округі Үржар ауылындағы көшелерінің атауы:

- 1) Маяковский көшесі Заманбек Оспанов көшесіне;
- 2) Гайдар көшесі Божан Ақылжанов көшесіне;
- 3) Недоступов көшесі Әзен Әлпішев көшесіне;
- 4) Карл Маркс көшесі Далел Қаратаев көшесіне;
- 5) Овод көшесі Рахат Мұқышев көшесіне;
- 6) Щепин көшесі Зайдолла Габитов көшесіне;
- 7) АК-2558 көшесі Константин Бабичев көшесіне;
- 8) Степная көшесі Григорий Чурсинов көшесіне қайта аталсын.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Үржар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Үржар ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Үржар ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК